



КАЗВАК



ӘДЕБИЕТІ

1994 жылғы
10 қаңтардан
ашық бағдарлам

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер атқалығы

Құбылыс

Бұл күнде Дулат – қазақтың классик жазушысы. Оның қаламынан туған шығармалар халқымыздың руханиятын байытқан асыл қазынаға айналды, әлем тілдеріне аударылды. Оның пьесалары шетелдерде, Еуропаның беделді театрларында қойылып жатыр. Қазақ драматургтерінің ішінде мұндай дәрежеге әлі ешкім көтеріле қойған жоқ.



Әдетте осындай мәртебеге жазушы ұзақ жылдарға созылған тынымсыз еңбек пен ізденістің арқасында жетті деп айтар еді. Бірақ маған осы дәрежеге ол сонау өткен ғасырдың 70-жылдарының басында, 30-дан асар-аспас жасында-ақ жеткен секілді көрінеді де тұрады. Сол кезде жазылған «Дермене», «Сүйекші», «Тіршілік» хикаяттары, одан кейін жазылған «Қарғын» романы қазақ әдебиетін бір белеске көтерген үлкен құбылыс болды. Бірақ әдеби ортада құбылыс болды деп мойындалғанын байқамадық. Жылдық қорытындыда жақсы шығармалардың қатарында ғана аталып өтті.

Әдебиет негізінен болмысты сезім арқылы таниды. Нағыз көркем шығарма ақылдан бұрын жүрекке әсер етуге тиісті. Әдебиет ақыл айтпайды, кейіпкердің тағдыры арқылы оқырманды ойға, мұңға батырады, сілкіндіреді, Дулат осы бір ұстанымды жақсы меңгерген. Әлеуметтік астары терең юмор, өмір суретінің қапысыз сендіретін шынайылығы, сан алуан характерлер галереясы, трагикокомедиялық ситуациялар, психологизм – осының бәрі оның шығармашылығына тән сипаттар. Ол жас кезінде Достоевскийді өте жоғары бағалайтын. Қатал өмірден қорғансыз, момын жандардың көретін әділетсіздігі мен қиянаты, жан азабы, күйзелісі біздің де жанымызды күйзелтетіні, сол арқылы оларды өзіңнің бауырыңдай сезінуің, адамды аяу адамзатты жақсы көруге бастайтын бірден-бір жол екені туралы ойлар, бәлкім, сол ұлы жазушының әсерімен келген болар.

Дулаттың жоғарыда айтылған хикаяттарын оқыған бір белгілі

жазушының «Мен мынандай бір шығарма жазсам, ханға сәлем бермес едім» депті деген сөзін естіген едік. Мұқағалидің: «Дулаттың «Сүйекшісін» оқып, жыладым» дегенін өз құлағыммен естідім. «Әпке» пьесасы М.Әуезов театрында қойылғанда дауыс шығарып еңіреп жылаған бір әйелді көріп таңғалған едім. Өнердің құдіретінің өзі осында. Дулат – сол құдіретке қол жеткізген қаламгер.

Екеуміз әдебиетке қатар келдік. Дос болдық. Тіпті бірге туған бауырлардай араласқан кездеріміз болды. Балаларымыз бір балабақшаға барады. Дулатта машина бар. Таңертең Айман мен Шолпанды алып біздің үйге келеді. Қалғып-шұлғып отырған кішкентай Дарханды киіндіруге Айман, Шолпан көмектеседі. Сөйтіп, балаларды балабақшаға алып барамыз. Сол күндер есіме түссе, «апыр-ау, қандай бақытты күндер болған өмірімізде?!» деп таңғаламын.

Сол достықтың жылуымен, мінеки, қарттық ауылына келдік.

Маған еліктеп, Дулат та 80-ге келіпті. Мерейтойы құтты болсын! Шын жүректен құттықтаймын. Жарынан айрылып жабырқап жүрген көңіліне халықтың ықыласы демеу болсын!

Қазір сұхбат алған жастар әңгіменің соңында: «Аға, Дулат аға екеуіңіз бір-біріңіз туралы анекдот айтып, әзілдеседі екенсіздер, соның біреуін айтып бересіз бе?» дейтін болды. Дулатқа да соны айтатын секілді. Дәстүрді бұзбай мен де біреуін айтып берейін.

Кезекті жинағының қаламақысына Дулат машина сатып алды. Өзі де көптен армандап жүретін. Сары «Жигули». Енді оны жүргізу үшін «право» керек. Дулат ерінбей-жалықпай шопырлық курсқа барып, оқуын бітірді. Енді емтихан секілді бірдеңе болады екен. Қырсықтау инспектор Дулатқа қитұрқы сұрақтар қойып отыр:

– Машинамен тар қуысқа тап болдыңыз дейік. Алдыңызда, – дейді инспектор қолымен көрсетіп, – мына жерде бір кемпір, ана жерде бір қыз тұр. Ал қайсысын басасың?

Дулат ойланып-ойланып:

– Кемпірді басам, – депті.

– Неге? – депті инспектор шошып кетіп.

– Енді... кемпір асарын асады, жасарын жасады, ал жас қыз, өмірі алда, обал ғой, – дейді гуманист Дулат.

– Жоқ, Исабеков жолдас, тормозды басу керек, тормозды! Кемпірді басуға болмайды! – депті сонда инспектор басын шайқап.

Екеуміздің арамыздағы достық – мен үшін үлкен байлық. Жақсы дос болу үшін әзіл жарасуы керек. «Бір сөз үшін жау болып, бір сөз үшін дос болатындармен» тіл табысу қиын. Біздің әзіліміз елге таралып кетіпті. Осы әзілмен 90 жаста да осылай бас қосуға жазсын. Әржағын көре жатармыз.

**Төлен ӘБДІК,
жазушы**